

Таубаев Б.Р., Муратова А.Ж.

**Пенитенциарлық
қауіпсіздіктің түсінігі**

Мақалада қауіпсіздіктің қоғамдық қатынастардың жағдайы ретіндегі жалпы түсінігі, теориялық және тәжірибелік жағынан, осы қатынастардың барлық жүйесінде нақты қауіпсіздік түсінігін қалыптастыратын түрлері сияқты саяси, экономикалық, әскери, ғылыми-техникалық, әлеуметтік, экологиялық және басқа қауіпсіздік мәселелерін атап өту қажеттілігіне келеді

Түйін сөздер: Пенитенциарлық қауіпсіздік, қылмыстық-атқару құқығы, түзеу-тәрбиелеу жұмыстары, еңбек, сотталғандар, бас бостандығынан айыру.

Taubayev B.R. Muratov A.
Concept of penitentiary safety

In article the general concepts of safety in the form of the provision of the public relations, importance of economic, political, military, scientific and technical, social, environmental and other problems of safety as a type of formation of exact concept of safety of these relations in all spheres are considered.

Key words: The prison security, criminalized enforcement law, educational and correctional work, labor, convicted, custody.

Таубаев Б.Р., Муратова А.Ж.

**Понятие пенитенциарной
безопасности**

В статье рассматриваются общие понятия безопасности в виде положения общественных отношений, важность экономических, политических, военных, научно-технических, социальных, экологических и других проблем безопасности как вид формирования точного понятия безопасности этих отношений во всех сферах.

Ключевые слова: пенитенциарная безопасность, уголовно-исполнительные права, воспитательно-исправительные работы, труд, осужденные, лишение свободы.

**ПЕНИТЕНЦИАРЛЫҚ
ҚАУІПСІЗДІКТІҢ
ТҮСІНІГІ**

Қазақстан Республикасының пенитенциарлық жүйесі ұлттық қауіпсіздіктің қауіп-қатердің алдын-алу бойынша міндеттерді шешуде маңызды орынға ие және қылмыстылыққа қарсы әрекет етуге бағытталған мемлекеттік органдардың құрамдас бөлігі болып табылады. Демек, қылмыстық-атқару жүйесінің органдары мен мекемелеріндегі жағдай, біздің мемлекетіміздегі ұлттық қауіпсіздіктің жалпы жағдайына тікелей ықпал етеді. Қоғам мен тұлғаның мүдделерінің қауіпсіздігін, қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелеріне барып тұратын тұлғалар мен сотталғандардың қауіпсіздігін, түзету мекемелерінің қызметкерлерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, мемлекет пен қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндеттері орындалады.

Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделері – іске асырылуынан мемлекеттің адам мен азаматтың құқықтарын, қазақстандық қоғамның құндылықтарын және конституциялық құрылыс негіздерін қорғауды қамтамасыз ету қабілеті байланысты болатын, Қазақстан Республикасының заңнамалық тұрғыдан танылған саяси, экономикалық, әлеуметтік және басқа да қажеттіліктерінің жиынтығы. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мемлекеттің барлық органдары мен лауазымды адамдары, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шараларды іске асыруға заңды негізде қатысатын азаматтар мен ұйымдар құзыретінің ара-жігі нақты ажыратылған және олардың үйлесімді жұмыс істеуі қамтамасыз етілген кезде дәйектілікпен іске асырылатын мемлекеттік саясат арқылы қол жеткізіледі [1].

Бас бостандығынан айыру орындарында қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерін анықтауда, жалпы қауіпсіздік түсінігінен айналып өтуге болмайды.

Қауіпсіздік – өте күрделі түсінік. Оның пәнаралық арнауын ескере отырып, кешенді түрде түсіну қажет. Бұл жерде экономикалық, саяси, құқықтық, экологиялық, ақпараттық, әскери және басқа аспектілері бірдей дәрежеде маңызды. Қауіпсіздік түсінігі шегінде алуан түрлілігін анықтау қажеттілігі тек бір мемлекетте ғана емес, бүкіл әлемдік қауымдастықта көрініс тауып отыр. Түсінікті қазіргі кездегі болып жатқан әлемдік өзгерістерден іздеу қажет. Адам өркениеті көзді ашып жұмғанша өзгеріп жатыр. Ғылым мен техниканың даму процесі тез жоға-

рылады, яғни өндірістік негізде өзгеруде. Кенет тауар айналымы жоғарылады, қаржы құралдары мен техникалық идеялар ағындары қарқындады. Мұның бәрі қауіпсіздік түсінігіне жаңадан қарауға мүмкіндік береді, оның мазмұнын түсінуге жаңа тәсілдер іздейді [2].

«Қауіпсіздік» термині 800 жыл бұрын жиі қолданыла бастады және кез келген қауіп-қатерден өзін қорғалған деп санаған адамның рухының тыныш жағдайын білдірді. «Қауіпсіздік» мәселесінің өзектілігі XVII – XVIII ғасырларда капиталистік қатынастар қалыптаса бастаған сәтте, көптеген еуропалық мемлекеттер мен АҚШ-та мемлекет өзінің басты мақсаты ретінде жалпы ауқаттылық пен қауіпсіздік деген идеясы жүзеге асқанда нақты болды. Бұл әлем тарихының кезеңінде қауіпсіздік ретінде, нақты физикалық және моральдық қауіп-қатердің болмауы салдарынан пайда болатын тыныштық жағдай және осы жағдайды пайда болуы мен қолдауына көмектесетін ұйымдастырушылық құрылымдар, материалдық, экономикалық және саяси жағдайлар түсіндірілді [3].

Жатқанбаева А.Е. «Адамзаттың өзекті мәселелерінің бірі – қауіпсіздік» және оны қамтамасыз ету қажеттілігі қоғам мен мемлекеттің пайда болуына ең алғашқы себеп болғандығын атап өтті.

КСРО-да «қауіпсіздік» түсінігі барлық қоғамдық қауіпсіздіктің түрлерінен тұратын мемлекеттік қауіпсіздікпен әрқашан теңдестірілді.

Көптеген авторлардың ойларына, қауіпсіздік және ұлттық қауіпсіздік, оның концепциялары, стратегиялары туралы мәселе жеткілікті деңгейде зерттелмеген ұғымдар санатына жатады. Прохожев А.А.: «Қауіпсіздік – мағынасы бәріне түсінікті күрделі әлеуметтік-саяси құбылыс, алайда, тәжірибеде әркім бұл түсінікті өзінше түсінеді және өзіне ыңғайлы етіп қолданады», – деп жазды [4].

Жалпы мағынада қауіпсіздікті қауіп-қатер төнбейтін, қауіптен қорғанысы бар жағдай ретінде, қауіп-қатердің жоқтығы ретінде, амандық, сенімділік, бейбітшілік жағдайы ретінде сипаттауға болады.

«Тұлға-қоғам-мемлекет» қатынас триадасында өзекті категорияларының маңыздысы ретінде қауіпсіздік құқықтық нысан мен заңи мағынаға ие болды.

Қауіпсіздіктің жалпы түсінігін анықтауда бірыңғай көзқарас жоқ. Мысалы, Розин М. қауіпсіздік қатынастарының айқын сипаты ретінде, олардың қоғамға жоғарғы қауіптілікті көрсететін объектілерді қолдануымен немесе дүлей

апат және басқа да төтенше жағдайларға байланысты пайда болады деген. Туманов Г.А. мен Фризко В.И. қоғамдық қауіпсіздікті қоршаған орта мен адамдардың деусаулығы мен материалдық құндылықтарына қауіп-қатерді жою немесе алдын алу мақсатымен физикалық, техникалық және ұйымдастырушылық нормаларымен реттелінетін, жоғарғы қауіп бар қатынастар жиынтығы деп көрсетеді. Кузнецова Н.Ф. және Куринов Е.А. қоғамдық қауіпсіздікті техникалық нормалар мен ережелерді ұстану көзқарасынан ғана емес, көптеген немесе аз адамдардың тәндік тиіспеушілігін және өміріне төнетін қауіпті жоятын қоғамдағы азаматтардың тәртіп ережелерінің жүйесін байланыстырып анықтайды.

Қауіпсіздікті түсіну үшін жалпы «қауіпсіздік» термині түсінігінің мазмұны мен болмысына сүйіну қажет. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі бойынша «қауіпсіздік» сөзі «қауіпсіздіктің жоқтығы, сақтаушылық, сенімділікті» білдіреді. Орыс тілінің сөздігі бойынша «қауіпсіздік – біреуге немесе бір нәрсеге қауіп төнбейтін жағдай» [5].

Сонымен «қауіпсіздік» ретінде тыныштық, сенімділік, сақтау және біреудің немесе бір нәрсенің жағынан қауіп-қатердің толықтай болмауы, яғни қауіп-қатердің кез келген түрінің толықтай шығарылуы түсіндіріледі.

Құқықтық мағынадан қауіпсіздік – тұлға, қоғам мен мемлекеттің өмірлік маңызды мүдделерін ішкі және сыртқы қауіп-қатерлерден қорғау жағдайы деп түсінеміз. 90 жылдардың ортасынан бастап Қазақстан үшін ұлттық қауіпсіздік тұжырымдамасын қалыптастыру өзекті мәселелердің біріне айналды. Ол өзінің нақты құрылымдық рәсімін ҚР Президентінің халыққа жолдауында алды: 1996 жылы – «Елдегі жағдай және 1997 жылға арналған ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы», 1997 жылы – «Қазақстан – 2030 Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы, 1999 жылы – «Жаңа жүз жылдықтағы елдің тұрақтылығы мен қауіпсіздігі».

Аталған жолдауларында Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігінің негізгі қырлары кескінделген болатын. Дәл осы кезеңнен бастап ұлттық қауіпсіздік әрі қарай қабылданған ел үшін маңызы бар барлық құжаттарда алдыңғы қатардағы басымдылық ретінде танылды.

Осы кезеңдегі мемлекеттік саясаттың бағыттарының бірі Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін заң жүзінде қамтамасыз ету болды. 1998 жылы «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» ҚР заңы қабылданды. Осы заңда ұлттық қауіпсіздікті қамтам-

асыз ету аясында алдыңғы жылдары жасалған барлық ұсыныстар жүйеленген болатын.

Аталған нормативтік актіде алғаш рет заңи дәрежеде «ұлттық қауіпсіздікке» түсінік берілді.

2012 жылдың 6 қаңтарда «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Заңы қабылданған болатын. Бұл құжатта алдыңғы Заңда орын алған кейбір мәселелер өз шешімін тапты [56].

Жаңа Заңда адамның және азаматтың, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің мазмұны мен қағидаттары, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесі, мақсаттары мен бағыттары қарастырылған болатын. Атап айтқанда ұлттық қауіпсіздік негізгі түрлері ретінде қоғамдық қауіпсіздік, әскери қауіпсіздік, саяси қауіпсіздік, экономикалық қауіпсіздік, ақпараттық қауіпсіздік, экологиялық қауіпсіздік, сонымен қатар Қазақстан Республикасының негізгі ұлттық мүдделері, ұлттық қауіпсіздікке қол сұғатын негізгі қауіп-қатерлер қарастырылған болатын.

Қарастырылып жатқан нормативтік актіге сәйкес қауіпсіздікті қамтамасыз етудің субъектісі – қолданыстағы заңнамамен Қазақстан Республикасының аумағында әрбір азаматтың құқықтары мен міндеттерін қорғайтын мемлекет болып табылады. Қауіпсіздік объектілерінің қорғанысының қажетті деңгейі осы саланы реттейтін құқықтық нормалардың жүйесін құрастырумен, мемлекеттік билік органдарының қызметін негізгі бағыттарын анықтаумен, қауіпсіздікті қамтамасыз ету органдарының қалыптасуымен жетеді.

Павленко С.З. ойынша «қауіпсіздік» түсінігін келесідей үш мағынада анықтауға болады: 1) тұлға, қоғам мен мемлекеттің өмірлік маңызды мүдделерін ішкі және сыртқы қауіп-қатерлерден қорғау жағдайы ретінде; 2) қолайсыз факторлар мен жағдайлардың (даулар, қауіп) ықпал ету кезінде экологиялық, әлеуметтік (саяси, экономикалық, әскери, ұлттық, қоғамдық), рухани салаларда дамуға мүмкіндік беретін объектілердің қасиеттерінің жүйесі ретінде; 3) тұтастыққа, мағынасына қауіп төндіретін қолайсыз факторлардың ықпалы кезінде объектінің қалыпты қызметі мен даму қабілеттілігі ретінде [55, 78 б.].

Қауіпсіздіктің қоғамдық қатынастардың жағдайы ретіндегі жалпы түсінігі, теориялық және тәжірибелік жағынан, осы қатынастардың барлық жүйесінде нақты қауіпсіздік түсінігін қалыптастыратын түрлері сияқты саяси, экономикалық, әскери, ғылыми-техникалық, әлеуметтік, экологиялық және басқа қауіпсіздік мәселелерін атап өту қажеттілігіне келеді [7]. Авторлар аталған түсінікті қауіпсіздіктің жалпы түсінігін

жекелеген түрлерге бөлгеніне қарамастан, біздің ойымызша, оны бас бостандығынан айыру орындарындағы қауіпсіздік түсінігі мен оның түрлерін анықтауда пайдалану қажет. Бас бостандығынан айыру орындары туралы айтқанда, біз қылмыстық-атқару жүйесінің түзету мекемелерін түсінеміз. Сонымен түзету мекемесінің – көптеген міндеттері бар, өте күрделі объект екендігін есте сақтау қажет.

Өртүрлі авторлар пенитенциарлық қауіпсіздікке түрлі анықтама береді. Перегудов А.Г. «Түзеу колониялардағы қауіпсіздік – түзету колония қызметшілерінің өмірі мен денсаулығына тиіспеушілікті, олардың дұрыс еңбегі мен демалысын, сонымен қатар колонияның толық және жекелеген бөлімшелерінің дұрыс қызметін қамтамасыз ету мақсатында осы қатынастарды реттейтін заңи нормалар мен қатынастардың жүйесі», – деп көрсетеді. Громов М.А. мен Селиверстов В.И. түзету колониялардағы қауіпсіздік ретінде түзету колонияларының қызметіне қатысты қызметшілер, сотталғандар мен басқа да азаматтардың қауіпсіздік жағдайын, олардың өмірі мен денсаулығына тиіспеушілігін, дұрыс еңбек пен демалысын қамтамасыз ету, – деп анықтайды [8]. Глазунов Н.С. ойынша, түзету колонияларының қауіпсіздігін анықтауда түзету колониясының құқық тәртібінің жағдайын негізге алу қажет. (Құқықтық тәртіп заңмен реттелінетін қоғамдық қатынастардың жағдайы ретінде қарастырылады; түзету колонияларының қызметіне қатысты ол тәртіп бұзушылармен күресу мен оларға ықпал ету шараларын қолдануды көздейтін әкімшілік пен сотталғандардың құқықтары мен міндеттерін орындаудан тұрады; түзету мекемесіндегі қауіпсіздік колония қызметшілерінің қорғалуын қамтамасыз етуін, оның қызметтері мен бөлімшелерінің қалыпты қызметін, сонымен қатар сотталғандардың олардың өмірі мен денсаулығына жекелеген тұлғалар тарапынан қол сұғушылықтарынан қорғалуын көрсететін құқықтық тәртіптің бөлімі болып табылады.

Южанин В.Е. түзеу мекемелерінің алдында тұрған жекелеген міндеттердің ішінде – қылмыстық жазаны атқаруды қамтамасыз ету міндеттерін, өндірістік-шаруашылық қызметін ұйымдастыруды, түзету мекемесінің қызметінде құқықтық тәртіп пен заңдылықты қамтамасыз ету, жазаны өтеуден сотталғандардың әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз етуді, рецидивті қылмыстарды алдын-алу мен сотталғандарды қайта тәрбиелеу мен түзетуді атап өту қажет [9].

Біздің ойымызша, түзету мекемелерін сипаттағанда қылмыстық-атқару жүйесінің осы

объектісінің сотталғандарды оқшаулау мен қорғауды қамтамасыз ету сияқты маңызды қызметін ұмытпау қажет. Қазіргі таңда қылмыстық-атқару жүйесі осыған қажетті барлық құралдарға ие. Колониялар мен түрмелерде қорғау бөлімшелері бөлінген, оқ ататын қарулар мен арнайы құралдардың әртүрлі түрлері бар. Бұл қызметті түзету мекемесінің негізгі сыртқы атрибуты – тікенекті сыммен «биік қоршау» бар.

Сотталғандар мен басқа тұлғалармен қылмыстарды жасауды алдын алуда, түзету мекемесінің әкімшілігі бас бостандығынан айыру орындарында жедел іздестіру шаралары жүзеге асырылады.

Қылмыстық жазаны өтеу кезінде сотталғандар колония әкімшілігімен еңбекке тартылады. Осы мақсатпен көптеген колонияларда, тергеу оқшаулағышы мен түрмелерде шеберханалар мен жеке цехтар, жеке кәсіпорындар бар. Түзету мекемелерінде білім алуды ұйымдастыру мақсатында оқу кеңестік бөлімшелер, мектептер, кәсіби оқу орындар қызмет етеді. Медициналық көмек көрсету пен емдеу үшін сотталғандарға медициналық бөлімдер, ауруханалар құрылды.

Осыған байланысты түзету мекемелерінің әртүрлі құқықтық қатынастардың түрлері пайда болады: қылмыстық-құқықтық, азаматтық-құқықтық, еңбек және т.б. Аталған құқықтық қатынастардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қауіпсіздіктің жекелеген түрлері – қауіпсіздіктің жалпы жүйесіне кіретін экономикалық, ақпараттық, қоғамдық түрлерін атап өту қажет. Түзету мекемесінде жасалынатын нақты құқық бұзушылықтар жалпы қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша пайда болатын қатынастарға қастандық жасайды.

Пенитенциарлық жүйесінің мекемелеріндегі қауіпсіздіктің түсінігі мен мазмұнын ашқан-

да, қауіпсіздік түсінігі мен бас бостандығынан айыру орындарында «қоғамдық қауіпсіздік» пен «қоғамдық тәртіп» түсініктерін ұқсастыруға болмайды. Кең мағынадағы бас бостандығынан айыру орындарындағы қауіпсіздікті [10] және қоғамдық қауіпсіздікті бүтінмен оның бөлігі ретінде қарастыру қажет.

Әр уақыттарда қоғамдық қауіпсіздік түсінігі қоғам мүшелерінің қызметі мен күнделікті өмірдің қауіпсіз жағдайлары ретінде; заң мен басқа да нормативтік актілермен бекітілген қауіптілігі жоғары қайнар көздерді қолдануда алдын алу ережелері мемлекеттік және қоғамдық тәртіпті қорғауға арналған шаралардың жүйесі азаматтардың демалысы мен еңбек қызметі үшін қалыпты жағдайларды қамтамасыз ету үшін жатақхана ережелері, қауіптілігі жоғары жұмыстарды жүргізу мен қауіптілігі жоғары қайнар көздермен айналысуда қауіпсіз жағдайлары ретінде түсінілді [10].

Қоғамда қатынастардың нақты бір түрі бар – қоғамдық қауіпсіздік қатынастары, яғни дүлей апат және басқа да төтенше жағдайлардың пайда болуымен немесе қоғамға қауіптілігі жоғары объектілерді қолдануымен байланысты пайда болатын адамдар арасында және адамдар мен қоршаған орта арасындағы арнайы өзара іс қимыл жүйесі. Олар қоғамға қауіптілігі жоғары тұлғаларға қатысты мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын жүзеге асыратын және толығымен әлеуметтік жүйенің элементі болып табылатын түзету мекемелерінің қызметі үшін тән. Түзету мекемелері үшін адамдардың, әсіресе осы мекемелердің қызметшілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету өте өзекті мәселе, себебі, олардың қызметі қылмыстық құқық бұзушылықтарды, соның ішінде жиі зорлық-зомбылық қылмыстарды жасаған тұлғалардан тұратын қоғамдық қауіпті ортада өтеді.

Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы №858 Жарлығы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/>
- 2 Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасындағы пенитенциарлық жүйе туралы» 2011 жылғы 26 шілдедегі Жарлығы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/>
- 3 Андрусенко Е.А. Понятие хулиганства и меры борьбы с ним: дис.... канд. юрид. наук. – Душанбе, 1963. – 142 с.
- 4 Гришанин П.Ф., Владимиров В.А. Преступления против общественной безопасности, общественного порядка и здоровья населения: учебное пособие. – М.: Высшая школа МООП РСФСР, 1962. – 71 с.
- 5 Гришаев П.И. Преступления против общественной безопасности и порядка. Советское уголовное право. Часть особенная. – М.: ВЮЗИМО СССР, 1959. – С. 40.
- 6 Зарубин В.И. Уголовная ответственность за хулиганство: дис.... канд. юрид. наук. – М., 2001. – 191 с.
- 7 Генрих Н.В. Криминологические аспекты противодействия угрозам экономической безопасности России: дис.... канд. юрид. наук. – М., 2002. – 184 с.

- 8 Простова В.М. Экономическая безопасность России и проблемы прокурорского надзора: дис.... канд. юрид. наук. – М., 1998. – 209 с.
- 9 Жатқанбаеваның А.Е. Теоретические проблемы конституционно-правового обеспечения информационной безопасности в Республики Казахстан: дис. ... док. юрид. наук. – Алматы, 2009. – 245 с.
- 10 Алауханов Е.О. Профилактика преступлений: учебник / соавт. З.С.Зарипов. – Алматы: Заң әдебиеті, 2008. – 373 с.

References

- 1 Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясаттың түзетушілік туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы №858 Жарлығы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/>
- 2 Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасындағы пенитенциарлық жүйе туралы» 2011 жылғы 26 шілдедегі Жарлығы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/>
- 3 Andrusenko E.A. Ponjatie huliganstva i mery bor'by s nim: dis.... kand. jurid. nauk. – Dushanbe, 1963. – 142.
- 4 Grishanin P.F., Vladimirov V.A. Prestuplenija protiv obshhestvennoj bezopasnosti, obshhestvennogo porjadka i zdorov'ja naselenija: uchebnoe posobie. – М.: Vysshaja shkola MOOP RSFSR, 1962. – 71 s.
- 5 Grishaev P.I. Prestuplenija protiv obshhestvennoj bezopasnosti i porjadka. Sovetskoe ugovolnoe pravo. Chast' osobennaja. – М.: VJuZIMO SSSR, 1959. – S. 40.
- 6 Zarubin V.I. Ugolovnaja otvetstvennost' za huliganstvo: dis.... kand. jurid. nauk. – М., 2001. – 191 s.
- 7 Генрих Н.В. Криминологические аспекты противопротиводействия угрозам экономической безопасности России: дис.... канд. юрид. наук. – М., 2002. – 184 с.
- 8 Prostova V.M. Jekonomicheskaja bezopasnost' Rossii i problemy prokurorskogo nadzora: dis.... kand. jurid. nauk. – М., 1998. – 209 с.
- 9 Жатқанбаеваның А.Е. Теоретические проблемы конституционно-правового обеспечения информационной безопасности в Республики Казахстан: дис. ... док. юрид. наук. – Алматы, 2009. – 245 с.
- 10 Алауханов Е.О. Профилактика преступлений: учебник / соавт. З.С.Зарипов. – Алматы: Заң әдебиеті, 2008. – 373 с.